

**Аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және  
олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия отырысының  
ХАТТАМАСЫ  
№3**

Құлан ауылы

2025 жылғы 14 ақпан,  
сағат 16.00, аудан әкімдігінің  
үлкен мәжіліс залы

**Төрағалық етуші:** Қ.Исмаил - аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы.

**Комиссия хатшысы:** А.Сәрсеханұлы - ауданы әкімі аппаратының бас инспекторы – комиссия хатшысы.

**Қатысқандар:** тізім бойынша (қоса тіркеледі).

**Күн тәртібі:**

1. Аудандық білім бөлімінің ұсынысын қарау туралы (кәмелет жасына толмаған Б.М.М-ға қатысты);

2. Туыстарының қолында (сенім хатпен немесе сенім хатсыз) тұрып жатқан балаларды заңды өкілдеріне қайтару жұмыстары туралы;

3. Жасөспірімдерге қарсы жасалған қылмыстың және балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың, соның ішінде педофильдік іс-әрекеттерді болдырмау, алдын-алу бағытындағы атқарылған жұмыстары туралы;

4. Комиссияның құзыретіне кіретін әр түрлі мәселелер.

---

(Қ.Исмаил, М.Сванов, Д.Жанасов)

1. Баяндамашылар мен хабарламашылардың баяндамалары мен хабарламалары, мәлімдемелері назарға алынсын.

2. Аудандық білім бөлімінің басшысы (М.Сванов, келісімі бойынша, жинақтау), А.Шынасилов атындағы орта мектебінің директоры (І.Назарбеков, келісімі бойынша), аудандық Полиция бөлімінің бастығы (Ж.Танкеев, келісімі бойынша), аудандық орталық аурухананың бас дәрігері (Д.Ахметбеков, келісімі бойынша), заң талаптарына сәйкес:

2.1. А.Шынасилов атындағы орта мектебінің 1 сынып оқушысы Б.М.М-ның туу туралы куәлігінде ата-анасы деген бағанда заңды өкілдерінің дерегі көрсетілмеген. Қазіргі таңға дейін баланың заңды өкілі анықталмаған. Бұл бойынша білім бөлімінің жұмысындағы кемшілігі атап көрсетілсін.

Білім бөлімі жоғарыда аталған мәселені бақылауға алып, жасөспірімді құжаттандыру мәселесі бойынша заң аясында шұғыл түрде тиісті жұмыстарды жүргізісін. Қажет болған жағдайда аудандық аурухана мен Полиция бөлімімен бірлесе жұмыстарды қолға алсын.

**Орындау мерзімі:** 14.03.2025 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.

2.2. Ата-анасы толық құжаттарды жинақтап, 3 жұмыс күні ішінде талап арызбен сотқа қайырылғаны туралы өтініші бойынша комиссияға хабар берсін.

*Орындау мерзімі: 19.02.2025 жылға дейін, өрі қарай тұрақты бақылау.*

2.3. Аудан бойынша ата-аналарынан туыстарына «сенім хат» негізінде берілген барлық балаларды анықтап, олардың ата-аналарымен заң аясында жұмыстар жүргізіп, балаларды өз отбасына қайтару шараларын жүргізісін. Олардың саны мен тізімі туралы комиссияға ақпарат берсін.

Балалардың құқықтарын қорғау мақсатында сенім хат негізінде, өгей ата-анасымен тұратын жасөспірімдердің сонымен қатар жайсыз отбасылардың жағдайын зерделеп, әрбір бала бойынша жіті талдау жасап, отбасылық жағдайы бойынша мәліметін ұсынсын.

*Орындау мерзімі: 27.02.2025 жылға дейін, өрі қарай тұрақты бақылау.*

2.4. Жасөспірімдер арасындағы жыныстық сипаттағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың, оның ішінде педофильдік іс-әрекеттерді болдырмау, балаларға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездік көрсетудің алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыстарды жүйелендіріліп, бақылауға алсын.

*Орындау мерзімі: 24.02.2025 жылға дейін, өрі қарай тұрақты бақылау.*

2.5. Білім беру ұйымдарында жасөспірімдер арасында құрылған әлеуметтік желі парақшаларында бір-бірін балағаттау, кемсіту, т.б ар-ұзданына тиетін жазбалардың таралуының орын алуына байланысты, құқық бұзушылық әрекеттерге жол бермеу мақсатында тиісті жұмыстарды атқарсын.

*Орындау мерзімі: 24.02.2025 жылға дейін, өрі қарай тұрақты бақылау.*

3. Аудандық білім бөлімінің басшысы (М.Сванов, келісімі бойынша, жинақтау), аудан әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы (Е.Шабеев), аудандық Полиция бөлімінің бастығы (Ж.Танкеев, келісімі бойынша), заң талаптарына сәйкес:

3.1. Аудандағы спорт мектептерінде, нысандарында үйірмеге қатысушы жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында түсіндіру жұмыстарын жүргізісін.

*Орындау мерзімі: 24.02.2025 жылға дейін, өрі қарай тұрақты бақылау.*

4. Аудандық білім бөлімінің басшысы (М.Сванов, келісімі бойынша), аудандық Полиция бөлімінің бастығы (Ж.Танкеев, келісімі бойынша), аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысы (А.Назарбеков), заң талаптарына сәйкес:

4.1. Оқушылардың жолда жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өміріне қауіп төндіретін факторлардың алдын алу мақсатында жасөспірімдерге және ата-аналарымен түсіндіру жұмыстарын жүргізісін.

Әр білім беру ұйымдарының жанында балалар жүретін жол бойына арнайы белгілерді қоюды, жаяу жүргіншілердің өтуіне арналған жолақтың болуын, бақылауға алсын.

*Орындау мерзімі: 25.02.2025 жылға дейін, өрі қарай тұрақты бақылау.*

5. Осы хаттаманың орындалуын бақылау «Аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия» хатшысы А.Сәрсеханұлына жүктелсін.

Комиссия төрағасы



Қ.Исмаил

Комиссия хатшысы



А.Сәрсеханұлы